

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ
AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

ТАРИХ, АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТИ
ФАКУЛЬТЕТ ИСТОРИИ, АРХЕОЛОГИИ И ЭТНОЛОГИИ

IV ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ФАРАБИ ОҚУЛАРЫ
Алматы, Қазақстан, 4-21 сәуір, 2017 жыл

«ФАРАБИ ӘЛЕМІ»
атты студенттер мен жас ғалымдардың
халықаралық ғылыми конференцияның
МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, Қазақстан, 10-14 сәуір, 2017 жыл

IV МЕЖДУНАРОДНЫЕ
ФАРАБИЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ
Алматы, Казахстан, 4-21 апреля 2017 года

МАТЕРИАЛЫ
международной конференции студентов
и молодых ученых
«ФАРАБИ ӘЛЕМІ»
Алматы, Казахстан, 10-14 апреля 2017 года

IV INTERNATIONAL
FARABI READINGS
Almaty, Kazakhstan, 4-21 April, 2017

MATERIALS
of International Scientific Conference
of Students and Young Scientists
«FARABI ALEMI»
Almaty, Kazakhstan, 10-14 April, 2017

Алматы
«Қазақ университеті»
2017

Жалпы, Н.М. Изразцовтың ісі 1890 жылы дәлелсіз аяқталып, ол полковник шенімен Ярославль қаласына кетіп қалады.

Николай Изразцовтың жазбаларының пайда болуына әсер еткен Түркістан әкімшілігінің Жетісу облысын мекендеген көшпелі халықтар жайлы, әсіресе қазақтар мен қыздар туралы ақпараттарды жинастыруға бағытталған тапсырма болып табылады. Алайда, Түркістан генерал-губернаторы К.П. Кауфманның 1882 жылы кенеттен қайтыс болуына байланысты Николай Михайловичтің жинаған деректері көпшілік қауып арасында жарыққа шықпай қалады.

Н.М. Изразцов 1879-1881 жж. Жетісу қазақтары жайлы жазылған этнографиялық еңбектері екі нұсқада ұсынылып, біріншісі, көшпелілердің қарапайым құқықтарын зерттейтін Комиссия төрағасы Бродовскийге ұсынылады. Жазбаның екінші нұсқасы, қысқаша түрінде, 1886 жылы «Орыс географиялық қоғамының» Батыс-Сібір бөлімінде жариялау үшін жіберіледі. Алайда, оның деректері тек 10 жылдан кейін 1897 жылы ғана «Этнографическое обозрение» журналының №3, №4 сандарында жарық көреді. Қазіргі таңда Н.М. Изразцовтың жазбалары Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатының «Дала генерал-губернаторлығының канцеляриясына» арналған қорда сақтаулы тұр. Одан басқа 2005 жылы 10 томдық «Древний мир права казахов» [4, 389–405 бб.] және 2011 жылы «История Казахстана в документах и материалах» [5, С. 161-266] деген кітаптарда қайта өңделіп басылып шыққан.

Қортындылай келе, полковник Н.М. Изразцов мырза ХІХ ғасырдағы Жетісу қазақтарының тұрмысы мен отбасылық салт-дәстүрлері мен рулық қарым-қатынастары жайлы көптеген құнды деректер қалдырып кеткен. Алайда, орыс зерттеушісі қазақ салт-дәстүрі жайлы көп ақпарат қалдырғанымен олардың барлығына дерлік түсініспеушілік көзқарас білдірген. Оның деректерінде біздің аңғаратынымыз сол кезеңнің қазақтарының тұрмысы жайлы тек сырттан бақылап жазғанғандығын көре аламыз. Себебі ол Жетісудің жергілікті халқының салт-дәстүрлеріне терең үңіліп қарамаған.

Николай Михайловичті ХІХ ғасырдағы орыс зерттеушілері арасында аталмыш өңірдің жергілікті халқына қатысты этнографиялық деректерді қалдырған жалғыз зерттеуші деп атасақ та болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚРОММ. 64-қор, 1 тізімдеме, 4236 іс
2. Изразцов Н. Обычное право (адат) киргизов Семиреченской области // Этнографическое обозрение. 1897. № 3. С. 68–72
3. ҚРОММ, 64-қор, 1 тізімдеме, 1754 іс, 399-406 пп.
4. Қазақтың ата заңдары: құжаттар, деректер және зерттеулер = Древний мир права казахов. Материалы, документы и исследования. 10 томдық / Бағдарлама жетекшесі С. З. Зиманов. Алматы, 2005. 6 том. 389–405 бб.
5. История Казахстана в документах и материалах: Альманах. Вып. 1. Алматы: «Издательство LEM», 2011. – С. 161-266

АЯН ҚОРЫМЫНАН ТАБЫЛҒАН ҚИМАҚ ЖАУЫНГЕРІ

Сағындықова С.Т.

«Археология және этнология» мамандығының 2 курс магистранты, әл-Фараби ат. ҚазҰУ
Ғылыми жетекшісі: доцент Омаров Ғ.Қ.

Еліміздің ежелгі тарихында Алтай-Тарбағатай өңірі маңызды орын алады. Бұл аймақта көне заманнан бері бірнеше археологиялық мәдениеттер қалыптасып дамығандығын археологиялық, этнографиялық мәліметтер толықтай растап отыр.

Аян қорымы Оңтүстік-Батыс Алтай тау сілемдерінің күңгейінде қыратты жазықта орналасқан. Қорым 50 аса әр түрлі уақыт аралықтарын қамтитын, жоспарлы түрде салынған ғұрыптық және жерлеу ескерткіштерінен тұрады [1, 303 б.]. Ескерткіштер жүйелі түрде солтүстік-оңтүстік бағытта үш-төрт қатарлы тізбек болып жатыр. Бірақ, кейбір жүйесіз құрылыстар да кездеседі. Зерттеу жұмыстарының нәтижесінде қимақ, қола, ерте темір дәуірлеріне жататын ескерткіштер анықталды.

Бұл өңірде 2005 жылы Шығыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану мұражайының қызметкерлері барлау жұмыстарын жасап, ескерткішті мемлекеттік есепке алды. 2015 жылы Оңтүстік-Батыс Алтай археологиялық экспедициясы т.ғ.к., доцент Омаров Ғ.Қ. жетекшілігімен барлау және

топографиялық жұмыстар жасады [1, 303 б.]. Ал негізгі зерттеулер 2016 жылы аталған экспедицияның мүшелерімен жүргізілді.

Қимақ жауынгері Күршім ауданында орналасқан Аян қорымынан табылды. Бұл өңірден қимақ жерлеу орны бірінші рет табылып жатқан жоқ, 2014 жылы Түйетас қорымынан қимақ уақытына жататын ескерткіш ашылды [2, 188 б.]. Табылымдардың ішінен ерекше көзге түскен ат әбзелдері «Крымский остров» зертханасында қалпына келтірілген болатын.

Аян қорымының № 1 қорғаны тау жотасының етегінде, қорғандар тізбегінен оқшау, қорымның батыс бөлігінде жатыр. Қорғанның жер үсті құрылысын шым басып кеткен. Ескерткіштің құрылысы басқа да осы уақыт аралығына жататын қорғандармен ұқсас келеді. Қорғанның жер үсті құрылысының тас үйіндісінің астынан қабір шұңқыры аршылды. Қабірдің ішінен нашар сақталған адам қаңқасымен қатар жылқының немесе дала жануарының құйымшағы мен қабырға сүйектері жатты. Зевакино қорымындағы жауынгердің жерлеу орынында да жылқы сүйектері табылған болатын [3, 28 б.]. Мұндай рәсім қимақ кезеңінің жерлеу орындарында жиі кездесетін құбылыс.

Мәйіттің оң қолының қасында қынап пен темір жебе ұшының астыңғы жағында теріге жабыстырылып, беттеріне алтын жалатылып, жапырақ, жүрек тәріздес оюлармен өрнектелген ат әбзелдері Зевакино қорымының және Павлодар маңындағы қорғаннан табылған табылымдармен ұқсас келеді [3, 28; 4, 135-142 бб.]. Ат әбзелдерінің қоса жерленуі және олардың әсемделуі қимақтар өміріндегі жылқы рөлінің өте жоғары болғандығын көрсетеді.

Адам қаңқасының оң жағында ат әбзелдерімен қоса жебе ұштарының, сол жағынан 1 метрден асатын түзу семсер мен тері қынаптың ішіне салынған темір пышақтың табылуы, барлығы әсемделген белдікке бекітулі түрде жерленуі мәйіттің жауынгер болғандығын айғақтайды. Осы ескерткішке ұқсас семсер мен жебе ұштары Шығыс Қазақстан өңірі мен Павлодар облысы аймақтарынан зерттелініп [3, 28; 200 бб.], қамтыған уақыт аралықтары анықталды.

Аян қорымынан табылған мәйіт қимақ жауынгері болғандығын бірнеше факторлар айғақтап отыр. Бұл ескерткіштің жерлеу құрылысы да, өлікті жерлеу рәсімі де, табылған ат әбзелдері, пышақ, жебе ұштары, семсер де өз аналогияларын басқа ескерткіштерден тапты. Мәйітпен қоса, аяқ жағына мал сүйектерін қоса жерлеу де көп кездесетін жерлеу рәсімі. Сонымен қоса, қорғанда табылған заттардың барлығы қимақтарға тән ою-өрнектермен безендірілген. Аталмыш уақытқа жататын мұндай заттарды безендіру тәсілдерін Ертіс бойынан табылған басқа да ескерткіштерден байқауға болады.

Қазіргі уақытта Аян қорымынан табылған адам қаңқасы мен жерлеу камерасындағы табылымдарына Қырым Алтынбековтың «Крымский остров» зертханасында қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Омаров Ғ.Қ., Тишкин А.А., Бесетаев Б.Б., Серегин Н.Н., Сапатаев С.А., Сагындыкова С.Т. Аян қорымындағы археологиялық қазба жұмыстарының алдын ала қорытындысы // «Кадырбаевские чтения-2016». Материалы V Международной научной конференции.– Актобе, 2016. – 303-307 бб.
2. Омаров Ғ.Қ., Алтынбеков Қ.К., Сапатаев С.А. Шығыс Қазақстаннан табылған қимақ ат әбзелі // Алтай – Түркі әлемінің алтын бесігі/ бас редактор – Даниал Ахметов – Өскемен, 2016 – 188-194 бб.
3. Арсланова Ф.Х. очерки средневековой археологии верхнего Прииртышья. – Астана: Издательская группа филиала Института археологии им. А.Х. Маргулана в г. Астана, 2013. – 405 с.
4. Смагулов Т.Н., Мерц В.К. Средневековые погребения из Павлодара // Известия Национальной Академии Наук Республики Казахстан. Серия общественных наук. – № 1 (253). – Алматы, 2007. – 135-142 бб.

Қусаинова А.Б. Музейлік әлеуметтанудың жаңа қызметтік бағыттары	310
Қайратұлы Р. «Ежелгі тараз ескерткіштері» қорық-музейінің қызметі.....	311
Kozhahan Zh.N. Talgar – is a Monument of World Cultural Heritage in the works OF C. Chang	313
Нұртаева Ж.Н. Ортағасырлық қысымшы қаласының зерттелу мәселесі	314
Оғулгазиева С.Д. Международные организации в системе всемирного культурного наследия.....	315
Ожаубаев А.С. Восточно-Казахстанский областной музей изобразительных искусств имени семьи невзоровых	316
Саврамбаев А.Т. Алматы қаласы халқының этникалық құрамы	317
Fatma Aysel Dingil Pgin Gyula Moravcsik'in hayati ve dogu avrupa türk tarihine katkilari.....	319
Сүлейменов А.Б. XIX ғасырдағы Жетісу қазақтарының отбасылық әдет-ғұрыптары жайлы деректерді мұрағат қорларынан іздеу	321
Сағындықова С.Т. Аян қорымынан табылған қимақ жауынгері	322
Төлегенов А.К. Ұлы жібек жолының тарихы тәуелсіздік кезеңдегі зерттеушілер еңбектерінде	324
Үдербай Г.Д. Балықшылық кәсібіндегі қалыптасқан ырымдар	326
Калибекова А. Обряды и поверья связанные с периодом беременности.....	327
Құрманиязов И.С. Талас өңірінің ұзын қорғанды қалалары	329
Еділ Б. Ежелгі ғұн тайпалары жайлы қытай жазба деректері және олардың маңыздылығы.....	330
Сырым Ә. Жүсіп Баласағұн шығармасындағы билік ұғымының сипатталуы.....	332
Дүйсебай А. Посткөнестік мемлекеттердің саяси жүйелерінің даму ерекшеліктері мен зерттелу мәселелері.....	334
Тлеуова С. Қазіргі білім жүйесінің өзекті мәселелері.....	335
Ботааш С. Қазақ хандығының моғолстанмен қарым-қатынастары	336
Байдавлетов Ж. Қазақстан мен Түркия арасындағы білім саласындағы қарым-қатынастар (1991-2001) ...	338
Сайынова Б. Ф.А. Щербина ұйымдастырған экспедицияның тарихи маңызы мен ерекшелігі	339
Абаган А. В.В. Бартольд и туркестанский кружок любителей археологии	340
Бейсекеева З. Қазақ зиялыларының ұлттық руханиятқа қосқан үлесі	341
Серікқызы А. Орыс географиялық қоғамының бөлімшелерінің Қазақстандағы қызметі	343
Қалнияз Б. Солтүстік Қазақстан өңірі ескерткіштерінің XX ғасырдың 2-ші жартысындағы зерттелу тарихынан.....	344